

**АРХЕОЛОГ ӘРІ ҰСТАЗ
Н. АЛДАБЕРГЕНОВ
70 ЖАСТА**



Нұртаза Алдабергенов – республикаға аты әйгілі ғалым-археолог, білікті ұстаз, «ҚР Мәдениет қайраткері». Ол қазіргі таңда Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі директорының кеңесшісі болып табылады.

Н. Алдабергенов 1947 жылы 20 қарашада қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласында дүниеге келген.

Нұртаза Алдабергенов 1965 жылы мектеп бітірген соң Орта Азия мен Қазақстан бойынша маман археологтар даярлайтын бірден-бір жоғары оқу орны Ташкент университеті тарих факультетінің Археология бөліміне оқуға түскен. Студенттік жылдары Оңтүстік Түрікменстан, Термез, Кеш және Қырғыз археологиялық экспедицияларының жұмысына қатысып, үлкен өмір мектебінен өтіп, тәжірибе жинақтады. Студенттік жылдары оған «Орта Азия археологиясының атасы» деп аталып кеткен М.Е. Массон, оның әйелі, әйгілі археолог әрі өнертанушы Г.А. Пугаченкова, басқа да білікті мамандар дәріс оқып, ілім-білім үйретті. Ол теориялық білім алып қоймай, далалық жұмыстарға белсене араласып жүріп, ғылыми ашылулар да жасай білді. Мәселен, 1967 жылы Тоқтағұл су қоймасын салу қажеттілігіне орай Ташкент университетінің басшылығы Н. Алдабергеновті Қырғызстандағы Ош облысындағы Кетпентөбедегі ғұн обаларын зерттеуге аттандырғанда, ол ғұндардың әйел мүрдесін

(шамамен I-IV ғасырлар) ашу барысында алтын бетперде (маска) киген көне мәйітке тап болады. Бұл сенсациялық табылым еді. Алайда бетперде қасынан қытай айнасының табылуы бұл жаңалықты жасыруға мәжбүр етіпті. Өйткені, сол кезде Кеңестер одағы мен Қытай арасы шиеленісіп тұрған-ды. Сондықтан 15-16 жыл Нұрекең тапқан алтын бетперде Фрунзедегі (қазіргі Бішкек) музейі қоймасында жасырылды. Тек 1983 жылы шектеулі маман қатысқан конференцияда Қырғызстанның белгілі археологы Исмағұл Қожомбердиев көне ғұнның алтын бетпердесін қазақстандық жас археолог Н. Алдабергеновтің тапқанын жария етеді.

1970 жылы университетті бітіріп Өзбекстанның бір облысындағы музейдің директоры қызметі ұсынылса да жас маман өз еліне қайтады. Жазғы маусымда еңбек жолын Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының Отырар археологиялық экспедициясы құрамында ежелгі Отырар қаласында жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарына қатысудан бастады. Мұнда екі жыл далалық қазба жұмыстарында болды.

Н. Алдабергенов 1970-1971 жылдары Шымкент облысының (ОҚО) Қызылқұм (қазіргі Отырар) аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1971-1973 жылдары Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің Республикалық ғылыми қайта қалпына келтіру шеберханасында археолог болып қызмет атқарған. Осы жылдары ол ортағасырлық Түркістан қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына қатысты да, Есімхан кесенесін зерделеді, Қылуетті ашып, Күлтөбеде басталған алғашқы қазба жұмыстарына басшылық жасады.

1973 жылдың қараша айынан бастап С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) алғашында аға лаборант болып қызметке тұрады. Кейіннен оқытушы болып жұмыс істеді. Осы жылдан бастап Н. Алдабергеновтің 30 жылдай өмірі осы университеттің тарих факультетімен байланысты. Ол 1978 жылы Ленинград мемлекеттік университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, 1980-1983 жылдары аралығында Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды. Осы жылдары ол атақты ғалым, Алтын Орда қалаларының білгірі Г.А. Федоров-Давыдов басқарған Еділ бойы археологиялық экспедициясының құрамында Сарай Бату және басқа бірқатар қалаларда жүргізілген қазбаларына қатысты.

Айтаету керек, 1973-2004 жылдар аралығын-

да Н. Алдабергенов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология және этнология кафедрасында ұстаз болып қызмет атқарған кезінде кафедраның қалыптасып, өсуіне, университеттің ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы археологиялық базасын ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Университет қабырғасында жұмыс атқарған жылдар кезінде ол тарих факультетінің студенттеріне «Археология», «Орта Азия археологиясы», «Азия археологиясы», «Еуропа археологиясы», «Қазақстанның ортағасырлық қалалары», «Археологиялық зерттеулердің әдістері» сынды пәндер мен курстарды оқып, жоғары оқу орны студенттеріне арналған бірнеше оқу және көмекші құралдарын жарыққа шығарып, өзін білікті маман, ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде көрсете білді.

Нұртаза Орынханұлы және кафедрадағы өзге әріптестері бірге жабдықтаған факультеттегі «Археология музейі» әлі күнге дейін келушілерді қабылдауда. Оны жыл сайын жүздеген оқушылар, студенттер және өзге де қонақтар тамашалап кетеді. Сонымен қатар ол факультеттегі «Этнография музейінің» ашылуына да қолғабысын тигізіп, ақыл-кеңесін аяған жоқ.

Өз кезегінде Н. Алдабергенов қазақ жеріндегі ежелгі және ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің пайда болу, қалыптасу, даму тарихын зерттеп жүрген маман болып табылады. Ол 1974-2004 жылдар аралығында Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе қаласында жүргізілген қазба жұмыстарына қатысып, сол қаланың санғасырлық тарихын ашуға сүбелі үлес қосты. Жыл сайын тарих факультетінің студенттерін археологиялық практикадан өткізіп, одан соң бір-екі ай далалық отряд жасақтап, қазба жұмыстарына жетекшілік етті. Ортағасырлық Ақтөбе қаласына қатысты көптеген мақалалар жариялады. 2006 жылы оның профессор У.Х. Шәлекеновпен бірігіп жазған «Ортағасырлық Ақтөбе» атты кітабы Анкара қаласында баспадан шықты. Үш тілде басылып шыққан бұл іргелі еңбекті отандық және шетелдік ғылыми жұртшылық жылы қабылдады.

Университетте қызмет етіп жүрген кезде Нұртаза Алдабергенов 10 томдық «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы» сынды басылымға көптеген мақалалар жазып, «Археология» саласы бойынша оның ғылыми кеңесшісі болды. Мұнымен қатар «Түркістан» халықаралық энциклопедиясы, «Тараз» энциклопедиясы сынды басылымдарға мақалаларын жариялады.

Археология саласындағы көп жылдық еңбегі ескеріліп, ҚР Мәдениет министрлігінің тікелей

шақыртуымен 2004 жылы Отырар мемлекеттік археологиялық-музейінің директорлығы лауазымына тағайындалды. Ғалым қорық-мұражай жұмысын жетілдіру барысында еңбек ете жүріп, сол шаңырақ астынан «Ескерткіштерге реставрация және консервация жасау» бөлімін ашты. Қазіргі таңда мекеме мамандары Отырар алқабынан 300-ге жуық ескерткіштерді ашып, ғылыми айналымға енгізді. Әулие Арыстан баб ескерткіші қайта жөндеуден өткізіліп, аумағы жөнделді.

Қорық-мұражайының ғылыми қызметкерлері музей ісін жаңғыртумен бірге, «Отырар мұралары» секілді ғылыми журналдар ашып, оған алуан тақырыптағы зерттеу мақалаларын жариялаумен ерекшеленуде. Бұл – тәжірибе мен ғылымды ұштастырған ұстаз-археолог Н. Алдабергеновтің еңбегінің нәтижесі екені даусыз. Журналға Н. Алдабергенов жауапты хатшы болды.

Зейнеткерлік жасқа жеткенше Нұртаза Алдабергенов музей ұжымын басқара отырып археологиялық ескерткіштерді зерттеу, қорғау, таныту жұмыстарын абыроймен атқарды. «Мәдени бағдарлама» аясында ол академик К.М. Байпақовпен бірге «Отырар алқабы» атты альбом-кітабын жазып құрастырды. Ерен еңбегі үшін түрлі республика мен облыс деңгейіндегі марапаттауларға, ҚР Мәдениет қайраткері деген атаққа да ие болды.

Жергілікті әкімшілікпен тығыз қарым-қатынаста болған Нұртаза Орынханұлы «Отырар энциклопедиясының» редакция алқасына мүше болды. Бұл басылымның жарыққа шығуына аянбай еңбек етті. Сондай-ақ, жергілікті әкімнің басқаруымен шыққан «Шежірелі Отырар», «Отырар жәдігерлері» сияқты кітаптарды дайындауға атсалысты. Бұлардан өзге ауданның тарихи-мәдени мұраларына қатысты буклеттер, кітапшалар, карталар дайындауға мұрындық бола білді.

Н. Алдабергеновтің қазіргі таңда 100 шақты ғылыми мақалалары мен кітаптары, ғылыми-көпшілік мақалалары жарық көрген, сонымен қатар 30-дан астам ғылыми есептерді жазуға қатысқан. Олардың әрбірі өзінің ғылыми құндылығымен, соны ойлары мен сарабал пайымдауларымен ерекшеленеді.

Нұртаза Алдабергенов университетте ұстаздық етіп жүрген кезде археология және этнология кафедрасында маманданған шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде жұмыс істеп жатыр. Олардың бірқатары (М. Елеуов, Ж. Таймағамбетов, Ә.Т. Төлеубаев, А.Б. Қалыш, Б.К. Қалшабаева, Д.Б. Ескекбаев, Ф.Қ. Омаров, Д.С. Байгунаков, Ғ.Т. Бексеитов, Ғ.Т. Исқақов, т.б.) онымен бірге кафедрада жұмыс істеп, археология мен этнология ғылымдарының дамуына өз үлестерін қосты, қосып та келеді. Былайша айтқанда, Н.О. Алдабергенов салып берген сара жолды жалғастырып келе жатыр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультеті ұжымы атынан Нұртаза Алдабергеновті 70 жасқа толуымен құттықтай отырып, отбасына амандық, берекелі ғұмыр, бейбіт аспан, мықты денсаулық тілейміз!

*Археология, этнология және
музеология кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент Омаров Ф.Қ.
тарих ғылымдарының докторы
Байғонақов Д.С.*